

**Қазақстан Республикасы**  
**Оқу-ағарту Министрлігі**

«Алматы "Алатау" көпсалалы колледжі» ЖШС

**ХАТТАМА №2**

17 қараша 2023 жыл

Алматы қаласы

**Министерство просвещения Республики**  
**Казахстан**

ТОО «Алматинский многопрофильный колледж

«Алатау»

**ПРОТОКОЛ №2**

17 ноября 2023 год

город Алматы

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ ОТЫРЫСЫ**

Төрағасы – К. Якенова

Хатшы – А. Куатова

Қатысқандар: 19 адам

Қатыспағандар: 1

**КҮН ТӘРТІБІНДЕ**

1. Модульдік және кредиттік оқытуды қолдана отырып, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру – жауапты директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
2. Оқу-тәрбие процессінде колледж студенттері арасында құқық бұзушылықтың алдын алу – жауапты директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары
3. Бірінші курс студенттерінің оқу процесі кезіндегі әлеуметтік бейімделуі –жауапты топ кураторлары
4. Студенттерді аралық және қорытынды аттестацияға алдын ала жіберу – жауапты директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, топ кураторлары
5. Әртүрлі

**ТЫҢДАЛДЫ:**

1. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Азубаева Гульназ Ермухановна оқытушыларға модульдік және кредиттік оқыту технологиясын пайдалану арқылы оқу үдерісін ұйымдастырудың негізгі міндеттері (білім көлемін біріздендіру оқытуды барынша дараландыру үшін жағдай туғызу, білім алушылардың өзіндік жұмыстарының рөлі мен тиімділігін күшейту) мен білім алушының оқудағы шынайы жетістіктерін оларды тиімді бақылау рәсімдері негізінде анықтау болып табылатынын түсіндірді. Білім беру бағдарламаларын іске асырудың сапасын арттыру және білім алушылардың оқудағы жетістіктерін бағалауды қамтамасыз ету мақсатында оқу үдерісіне және қорытынды бақылауға бөлінетінін оқытушылар құрамына тағы бір мәрте ескертіп айтты. Оқытушы ағымдық және аралық бақылау және білім алушының ағымдағы бағасына сәйкес үлгерімінің барлық түрлерін жүргізеді (ағымдағы орташа арифметикалық бағасы және өтеу жұмыстары, колледждің арнайы ережесі бойынша). Сонымен қатар білім алушының оқудағы жетістіктері, орындаған тапсырмалары ережеге 50-ден 100 балдық көрсеткішпен бағаланатынын айтты.

2. Оқу-тәрбие процессінде колледж студенттері арасында құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша атқарылған жұмыстар бойынша директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Сисенбаева Асем Жанатовна есеп берді.

Бүгінгі күнгі қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі - балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу керектігін айта отырып, колледждің де басты мақсаты – біртұтас тәрбие екендігін басты назарға алды. Құқық бұзушылықты болдырмау мақсатында оқу жылының басынан бері біздің колледжде атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталып кетсем. Оқу жылының басында құқық бұзушылықтың алдын-алу мақсатында жүргізілетін іс-шаралар жоспары жасалып, бекітілген болатын. Жоспарға сәйкес бекітілген іс-шаралар өткізіліп отырды. Білім алушылар арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу мақсатында колледжде құқықтық тәрбие мен құқық бұзушылықтың алдын алу жөнінде тәртіп кеңесі жұмыс жасайды. Әр ай сайын кеңес отырысы болып өтеді. Кеңес құрамында колледж әкімшілігі және оқытушылар бар. Кеңес төрайымы мектеп директоры және колледж оқытушыларынан құралғанын тағы естеріңізге салып өтсем. Себебі, бізде бірнеше тәртіпке салу кеңесі өткізілгенін білесіздер. Керісінше, тәртіпке салу кеңесі өтпейтіндей дәрежеде жұмыс жасауымыз керек деп ойлаймын.

3. Топ кураторы Ақыбаева Сайраш Сыдыковна әріптестеріне тәжірбиесімен бөлісіп, бірінші курстардың оқу орнына бейімделу үрдісіне орай жүргізілген көптеген зерттеулер келесідей негізгі қиындықтарға жіктелетіні атап өтті: кешегі мектептің ұжымындағы оқушылардың оның өзара көмегі мен моральдік қалауының кетуімен байланысты жағымсыз күйзелістер; кәсіпті таңдаудағы мотивацияның белгісіздігі, оған жеткіліксіз психологиялық даярлық, мінез-құлық пен іс-әрекетті психологиялық өзіндік реттей алмаушылық, оның күнделікті бақылауға ашылуын педагогтардың талап етуі, жаңа жағдайда еңбек пен демалыстың оптималды тәртібін қарастырып іздеу жұмыс пен өзіндік қызметті реттеу, әсіресе үй жағдайынан жатақханаға ауысу кезінде, соңғысы өзіндік жұмысқа дағдының болмауы, конспект жасай алмау, алғашқы еңбек көздерімен, сөздіктермен, анықтама сілтемелермен жұмыс жасай алмаушылық, 40 минуттық сабақ кестесінен 90 минуттық сабақ кестесіне өтуі. Алдағы уақытта барынша білім алушыларға оқытушылар және кураторлар тарапынан психологиялық және моральдық қолдаудың ең жоғарғы деңгейі керек екенін басып айтты.

4. Осы оқу жылында I семестрдің соңында аса белсенді қоғамдық жұмыстарға ат салысқан және оқу үлгерімі жақсы білім алушылардың қысқы сессиядан ынталандыру бағытында сынақтардан босату туралы ұсыныстарын топ кураторлары алдыға тартып, жалпы колледж оқытушылары бірауыздан қолдап, білім алушылар тізімін бекітті.

### **ӘРТҮРЛІ СҰРАҚТАРДА**

Колледж директоры Якенова Куралай Жумабековна 3 ай атқарылған жұмыстардың бағасын бере отырып, алдағы уақытта білім алушыларды ынталандыра және психологиялық жан-жақты көмек көрсете отырып, әр студенттің қауіпсіздігі біздің жауапкершілігімізде екенін ескертіп, сабақтан себепсіз қалмауды және ата-анамен тығыз жұмыстар атқарылу керектігін айтты.


Оқу бөлімінің меңгерушісі Куатова Анар Нургамзаевна «ОҢАЙ» картасымен колледждің 100% білім алушысы қамтылып, топ кураторлары арқылы журналға қол қойдыру рәсімімен іске асырылғандығы жөнінде есеп беріп өтті.

### **ШЕШІМІ:**

1. Модульдік және кредиттік оқытуды қолдана отырып, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру қанағаттанарлық деп есептелсін.
2. Оқу-тәрбие процессінде колледж студенттері арасында құқық бұзушылықтың алдын алу жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын .

3. Бірінші курс студенттерінің оқу процесі кезіндегі әлеуметтік бейімделуі туралы берілген есеп қанағаттанарлық деп есептелсін.
4. Студенттерді аралық аттестацияға алдын ала жіберу тізімі бекітілсін.

Төрайым  К. Якенова  
(КОЛЫ)

Хатшы  Куатова А.Н.  
(КОЛЫ)